

Павлодар ауданы Мичурин ауылдық округі Мичурин ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Мичурин ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 1-04-02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 мамырда № 5502 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Мичурин ауылдық округі Мичурин ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Мичурин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданы Мичурин ауылдық округі Мичурин ауылының "Садовая" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Мичурин ауылдық округінің әкімі

А. Бекмагамбетов